

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM GAZYNA» КММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2024 жылғы «29» 08
№ 400 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА
«Жас суретші»
(ересек, мектепалды топтар)

Ақтөбе, 2024 жыл

Бағдарламаның негізі: Акуненко Т.С. Использование в ДОУ приемов нетрадиционного рисования Дошкольное образование -2010. -№18

Құрастырған: К.І.Нұрмаханова – тәрбиеші

№43 «Гүлдәурен» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Жас суретші» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

27 «тамыз» 2024 ж.

№43 «Гүлдәурен» балабақшасының меңгерушісі:  К.Т.Шокпарова



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Жас суретші» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

« 28 » 08 2024 ж.

Сараптау комиссиясының төрайымы:



Шалабаева Ж.Б.

№43 «Гүлдәурен» балабақшасының тәрбиешісі Нұрмаханова К.І.
«Жас суретші» бағдарламасына

ПІКІР

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – жарқын, тамаша бейнелер әлемі. Ол үлкендерді өзінің бала тікелігімен, өзіндігімен, қиял бүліктерімен жиі таң тамаша қалдырады. Мектепке дейінгі балалар көп және үлкен ықыласпен сурет салады. Нәтижелі іс – әрекетте балаларда бейнелеу өнеріне тұрақты қызығушылығы қалыптасады, қабілеттерін дамытады.

Мектепке дейінгі балаларға бейнелеу өнері қызықты және құмарлана істейтін сабақтың бірі болып табылады, кішкентай адамның бұл ең қол жетімді әрекеттің түрі. Бала әлі оқу да, ән айта да алмайды, бірақ парақта сызбайлауларды қызығып салады. Осындай сабақтарда балаға бағыт бере отырып, қолдау көрсетіп көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Сурет салу процессінде бақылаушылық, эстетикалық қабылдау, көркем талғамын, шығармашылық қабілеттері жетіледі. Негізгі ойды жай білдіруге болады: балалар сурет салғанда денесін, жанын және ақыл ойын дамытады. Шығармашылықты және қиялын, елестеуін, бақылаушылықты, ассоциативті ойлау қабілетін және құмарлығын дамыту.

Дәстүрлі емес техникалар – бұл қиялға, шығармашылыққа, дербестік танытуға, талаптануға, даралығын білдірегей дамуына серпін. Дәстүрлі емес техникаларын пайдаланып сурет салуы мектепке дейінгі балаларды шаршатпайды, оларда жұмысты орындауға бөлінген уақыт ұзағына жоғары белсендік және жұмысқа қабілеттілігі сақталады.

«Жас суретші» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларды шығармашылыққа үйретуде тиімді деп санаймын.

Қ.Жубанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, п.ғ.к



Түсінік хат

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – жарқын, тамаша бейнелер әлемі. Ол үлкендерді өзінің бала тікелігімен, өзіндігімен, қиял бүліктерімен жиі таң тамаша қалдырады. Мектепке дейінгі балалар көп және үлкен ықыласпен сурет салады. Нәтижелі іс – әрекетте балаларда бейнелеу өнеріне тұрақты қызығушылығы қалыптасады, қабілеттерін дамытады.

Мектепке дейінгі балаларға бейнелеу өнері қызықты және құмарлана істейтін сабақтың бірі болып табылады, кішкентай адамның бұл ең қол жетімді әрекеттің түрі. Бала әлі оқу да, ән айта да алмайды, бірақ парақта сызбайлауларды қызығып салады. Сурет салу процессінде бақылаушылық, эстетикалық қабылдау, көркем талғамын, шығармашылық қабілеттері жетіледі. Негізгі ойды жай білдіруге болады: балалар сурет салғанда денесін, жанын және ақыл ойын дамытады. Дәстүрлі емес техникалар – бұл қиялға, шығармашылыққа, дербестік танытуға, таланттануға, даралығын білдірегеі дамуына серпін. Дәстүрлі емес техникаларын пайдаланып сурет салуы мектепке дейінгі балаларды шаршатпайды, оларда жұмысты орындауға бөлінген уақыт ұзағына жоғары белсендік және жұмысқа қабілеттілігі сақталады.

Бағдарламаның мақсаты: Балаға бейнелеу өнерінің қыр-сырын таныта отырып, шығармашылық қабілеті мен жеке көзқарасын, ой-өрісін, жан-жақтылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

Білімділік: сурет салуды түсіне білу және қарапайым бейнелеу қабілеттерін қалыптастыру,

Дамытушылық: дәстүрлі емес сурет салу құралдарымен балалардың көркем – шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: эстетикалық тәрбие беру, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже:

-Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру;

- Қиялы мен ақылын дамыту арқылы эмоционалдық тонусын көтеру;

-Әр түрлі құрал жабдықтармен сурет сала білуге шығармашылық қабілеттерін шыңдау;

-Тактильдік қабылдауын және ұсақ қол моторикасын дамыту;

-Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлау, көз және визуалды қабылдауы бейнелеу дағдылар мен іскерліктерін, бақылаушылық, эстетикалық қабылдауын, эмоциялық қайырымдылығын арттыру.

Бағдарламаның мерзімі: Жас шамасына сәйкес стандарт негізінде сақталып жүргізіледі. Бағдарлама ересек және мектепалды топтарына арнап құрастырылған. Барлығы – 72 сағат, аптасына 2 сағаттан. Ұзақтығы 25-30 минутты қамтиды. Бағдарлама екі жылға арналған.



Перспективалық жоспар

Ересек топ

№	Тақырыбы	Бағдарламаның мақсаты	Сағат саны
1	«Күнбағыстар»	Бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс саусақпен салу техникасымен таныстыру. Күнбағыстың оркені мен жапырағын салуға үйрету. Гуашьпен салу дағдысын меңгерту. Композиция сезімін ояту.	2
2	«Әшекейленген орамал»	Бастыру тәсілі және саусақпен салу тәсілінде ыдыстағы бояуға батыру арқылы орамалды қарапайым оюлармен әшекейлеуге үйрету. Серпін мен композиция сезімін ояту.	2
3	«Күзгі ағаш»	Оттиск ластик баспасымен таныстыру. Сангина және бор көмірмен жұмыс жасауды үйрету.	2
4	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеу. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін ояту.	2
5	«Менің ойыншықтарым»	Оттиск баспа техникасы, қақпақ тығынымен және саусақпен салу тәсілімен заттарды (доп, дөңгелек қуыршақ-невалышка) безендіруге бейімдеу.	2
6	«Шарды әшекейлейік»	Сопакша пішінді бейнені салуды үйрету. Сурет салу барысында қағаз бетін толық пайдалануға дағдыландыруды бекіту. Бастыру тәсілімен әшекейлеуге жаттықтыру	2
7	«Кәрзенкедегі саңырауқұлақтар»	Сопакша пішінді бейнені салуға және бастыру тәсілімен әшекейлеуге жаттықтыру. Саусақпен салу тәсілі арқылы қарапайым әшекейлеуді (нүктелерден жолақша салу) бекіту. Композиция сезімін ояту	2
8	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді жалғастыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін ояту	2
9	«Менің сүйікті балықтарым»	Сопакша пішінді бейнені салуға жаттықтыру. Балауызбен (май шам) акварельді үйлестіре салу техникасын меңгерту. Қағазды әр түрлі түске акварельмен бояуды үйрету. Түстерді қабылдауды дамыту.	2
10	«Алғашқы қар»	Үлкен және кіші ағаштарды, баспалармен	2

Т. Шайқас

		қаршаларды басып жасауды, саусақпен сурет салуды бекіту. Композиция сезімін ояту	
11	«Мойыншалғыны әшекейле»	Трафаретпен бастыру тәсілімен таныстыру. Жолаққа саусақпен және трафаретпен кезектестіре салуға үйрету. Серпін мен композиция сезімін ояту	2
12	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуге жаттықтыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	2
13	«Қысқы орман»	Трафаретпен бастыру тәсіліне жаттықтыру. Саусақпен салу тәсілі мен ағаштарды сағина тәсілімен салуды бекіту. Композиция сезімін ояту	2
14	«Араздасқан екі әтеш»	Алақанмен салу тәсілімен таныстыру. Суреттегі образды ары қарай толықтыру, аяқтау. Қиялын, шығармашылығын дамыту	2
15	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуге жаттықтыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	2
16	«Шыршаны моншақтармен безендірейік»	Шыршаны моншақтармен безендіруде тығын баспалармен және саусақпен салу тәсілдерін қолдануға жаттықтыру. Әр түрлі пішінді моншақтарды көлеміне қарай кезектестіре орналастыруға, серпінмен жұмыс жасауға төселдіру	2
17	«Шырша ойыншықтары»	Шырша ойыншықтарын бейнелеуде балауызбен (май шам) салу тәсілін қолдану. Үстінен акварельмен бояуға үйрету. Тығын баспаларымен бастыру	2
18	«Тәрбиеші апайым»	Графиканың айқын әдіс-тәсілдері арқылы (штрих, сызық, нүкте) адамның портетін салуға үйрету. Бейнелеуде сезімін көрсете білу. Композиция сезімін ояту	2
19	«Аққала»	Гуашьпен сурет салу дағдыларын бекіту, қағазды жентектеу (домалату) әдісімен ұштастыру. Аққаланы дайындап жапсырған соң қалған қажетті заттарын толықтырып (сыпырғыш, шарбак, шырша т.б.) жұмысты аяқтау. Композиция сезімін ояту	2
20	«Өз бетімен	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз	2

Handwritten signature

	жұмыс» еркін тақырып	шығармашылықтарын эксперименттеуге жаттықтыру. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру	
21	«Әдемі оюланған кеселер»	Әр түрлі пішіндегі кеселерді салуға үйрету (тік бұрышты, жарты шеңбер), оюлармен әшекейлеу (негізгі ою-трафаретпен, қосымша-оттік баспалармен). Композиция мен серпін сезімін ояту	2
22	«Теңіздегі кемелер»	Қалып ретінде аяқ киімнің табанын пайдалану арқылы кемелі бейнелеу. Суретті акварельмен бояуға төселдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қиялың дамыту.	2
23	«Қыс» бейнесі	Адам бейнесін балауыз (май шам) немесе маркермен салуды бекіту, қосымша бөлшектермен әшекейлеу (каршалар), қағазды қыстың түсімен бояу (көгілдір, көк, күлгін), түстерді ажырата білуін. дамыту	2
24	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру.	2
25	«Гүлге арналған ваза»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Қиялың, композициясын, серпінін дамыту.	2
26	«Анашыма ашық хат»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Композициясын, серпінін дамыту.	2
27	«Көктемгі күн»	Алақанмен салу тәсіліне жаттықтыруда ұжымдық жұмыс жасай алуға төселдіру. Әр түрлі түстерді алақанға қылқаламмен араластырып жағуды (сары, қызыл, қызғыш) үйрету.	2
28	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру.	2
29	«Ғарыштағы зымырандар»	Түстерді араластыра бейнелеуді жалғастыру(көк, көгілдір, күлгін, кара). Трафаретпен бастыру тәсілін бекіту. Зымыранды, ұшатын тәрепкелерді бейнелеуді үйрету .	2

T. Akhmed

30	«Балапандар»	Қағазды жентектеу (домалату) тәсілін бекіту немесе жырту тәсілі арқылы балапан жасау. Қалған бөліктерін түсті пастельмен (шоп, гүл) салу, кара маркермен көз, тұмсық, аяқтарын салу. Композиция сезімін ояту.	2
31	«Тоқыманы әшекейлейік»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Қиялын, композициясын, серпінін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2
32	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру.	2
33	«Бақ-бақтар»	Бейнелеу өнерінің бұл тәсілін қолдануға жаттықтыру. Бақ-бақтардың бейнесін айқындап салуға үйрету. Композиция сезімін ояту.	2
34	«Мен бір жылда қалай өстім» автобейне	Графиканың айқын әдіс-тәсілдері арқылы (штрих, сызық, нүкте) адамның портетін салуды бекіту. Бейнелеуде сезімін көрсете білу. Композиция сезімін ояту.	2
35	«Өз бетімен жұмыс» еркін тақырып	Дәстүрден тыс бейнелеу өнерінде өз шығармашылықтарын эксперименттеуді бекіту. Түстердің үйлесімділігін сәйкестендіріп композиция сезімін оятуды жалғастыру.	2
36	Қорытынды «Суреттер көрмесі»	Суреттерді қарап, тамашалап өз ойларын жеткізе білуге, жолдастарының еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	2
	Барлығы		72

T. Ellend

Перспективалық жоспар

Мектепалды топ

№	Тақырыбы	Бағдарламаның мақсаты	Сағат саны
1	«Күз»	Жапырақтардың суретін салуға және күзгі жапырақтардың түстерін өздігінен анықтауды үйрету, табиғатты күтіп, аялауға тәрбиелеу.	2
2	Жүзім шоғы, қызыл және кара қарақат	Жеміс-жидек дақылдары туралы балалардың білімін нығайту. Өсімдік шоғын саусақпен бейнелеу әдісімен және жапырақ көшірме әдісімен бейнелеуге үйрету. Әр түрлі техникасын пайдаланып бейнелеу нұсқаларын таңдаған кезде балалардың творчествосын дамыту. (Саусақпен бейнелеу өнері)	2
3	Күзгі көбелек. Қош бол жаз!	Балалардың көбелек туралы білімін нығайту. 2-3 түрлерді айқындау (ақ көбелек, көк көбелек, крапивница). Балаларды көбелек салудың екі әдісін үйрету: түрлі-түсті монотипия техникасымен және табан ізін түсіру. Пайда болған кесіндіні контур бойынша кию. Түрлі-түсті колорит арқылы жазбен қоштасу көңіл күйін, жабырқанқы көңілін жеткізу іскерлігін дамыту. (түрлі-түсті монотипия,табан ізін түсіру)	2
4	«Жаздың сыйлықтары»	Өткен шак туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Жидектерді бояумен саусақтар көмегімен бояуға үйрету. Көркемдік мәнеріне тәрбиелеу.	2
5	Күзгі ағаштар	Балаларға табиғаттың мезгілдерін өзгеруін байқауды үйрету. Ағашты аэрография техникасымен кескіндеуді үйрету (трубочка арқылы түсті үру). Балаларға фонды кескіндеу көгілдір-аспан, сұры-жер іскерлігін нығайту. Күздің көңіл-күйін суретке түсіру іскерлігін дамыту. Аэрография	2
6	«Шөп арасындағы бақбақтар»	Табиғат құбылыстардың эстетикалық қабылдауын және бейнелеу техникасын – саусақтармен сурет салу жетілдіру. Бақбақты пейзажда бейнелеп жасауында әртүрлі материалдар пайдаланып композиция сезімін және реңк сезімін дамыту.	2

A. Allah

7	«Жаңбыр»	Балаларды ырғақты композиция жасауды үйрету. Сурет салудың әр-түрлі техникасымен таныстыруды жалғастыру(саусақпен сурет салу). Үрлеу техникасымен таныстыру. Жаңбырдың мінезін жеткізе отырып, суретін салуға үйрету (ұсақ тамшылар, қатты жауын). Балалардың табиғатты тани білу, және бейнелеу өнерінде өз әсерін көрсетуге тәрбиелеу.	2
8	Сиқырлы суық қыс	Балаларды жаңа бейнелеу материалы тіс пастасының көмегімен қысқы табиғаттың суретін жеткізуді үйрету. Ақшақар, шырша, үй ағаш салу іскерлігін нығайту. Балалардың бейнені қабылдауын шығармашылығын дамыту. Левкас	2
9	«Жеміс тостағаны»	Балалардың түске қасиетін маңызды зат ретінде қалыптастыру, оларды өздігінен түс таңдауына жеткізу. Стандартты емес техникалық әдісіне – баспаны пайдаланып бейнелеуге үйрету.	2
10	«Ол не болуы мүмкін?»	Балаларды бейнелеудің жаңа техникасы бір түсті монотопиямен таныстыру. Балаларды бір түсті монотопия техникасымен бейнелеуді үйрету. Альбомдағы қағаздың жартысына тамшыны түсіру, акварель немесе тушты жағу. Содан соң екінші жартысына жағу. Пайда болған заттары бейнелерден таныс заттарды тануды үйрету, оларды детальдармен жолықтыру. Фантазиясын дамыту. Бір түсті монотопия	2
11	«Әдемі төрелкі»	Саусақты батыру әдісімен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Көк және қызыл түсі туралы білімін бекіту.	2
12	«Аққалалар»	Баспамен сурет салу таныстыруды жалғастыру. Балаларға мереке алдындағы қуанышты көңіл –күйін көтеру, ұнамды эмоцияларды жасау. Бейнелік ойлау және ой қиялын дамытуды жалғастыру.	2
13	«Шырша»	Балаларды «түрту» техникасымен сурет салуға үйрету.Түстерді қабылдау, өз композициясы үшін тиісті түс үлесімін таңдауға дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, іс – әрекетіне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу.	2

T. Elmas

14	«Алақанның сиқырлы айналуы»	«Алақанмен сурет салу» техникасымен таныстыру. Белгілі бейнеге келтіруге үйрету. Шығармашылық қабілетін және қиялын дамыту.	2
15	«Ақ қоян отыр»	Оның өзіне тән ерекшеліктерін жеткізіп, бояу дағдыларын қалыптастыру. Балауызды пайдаланып сурет салуды үйрету. Өз бетімен ниет танытуды және шығармашылық қасиетіне тәрбиелеу.	2
16	«Бұтақтағы шымшық»	Мақта оранған таяқшалармен сурет салуды үйрету. Құсқа тән ерекшеліктерін жеткізуді қалыптастыру, дөңгелек нысанды суретке салуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2
17	«Қар жауып тұр»	Мақта оранған таяқшалармен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Түсіп жатқан қарды байқауды үйрету, мақта оранған таяқшамен елестету, шығармашылық қиялды дамыту, бейне қабылдауды дамыту. Сұлулыққа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.	2
18	«Қар бүршігі»	Суретте қыс бейнесін жеткізуді қалыптастыру. «Үрлеу» техникасымен сурет салуды үйрету. Қысқы табиғаттың әдемілігін көруге тәрбиелеу.	2
19	«Көгершіндер»	Алақанның ізін паракка қалдыру арқылы дәстүрлі емес әдіспен сурет салуды үйрету. Сонына дейін салынбаған бөлшектерді аяқтауға тәрбиелеу.	2
20	«Шетен»	Дәстүрлі емес сурет салу техникасы: түрлі көркем техникаларды үйлестіре отырып (саусақпен сурет салу, құстар бейнесін жапсыру) арқылы құстар мен өсімдіктерге эстетикалық – адамгершілік қарым – қатынасқа тәрбиелеу. Балаларды уайымдауға, көмек көрсетуге, ниет білдіруге, ықылас білдіруге тәрбиелеу. Сурет салу және жапсыру дағдыларын (ұқыпты жұмыс жасау, қылқаламды дұрыс ұстау, жапсыруға арналған клеенкаларда жұмыс жасау) бекітуге жалғастыру.	2
21	«Мен суретшімін»	Балаларға өз бетінше бейнелеу техникасын таңдап жұмыстануға мүмкіндік беру. ТРИЗ элементтерін дұрыс пайдалану дағдыларын бекіту. Өз еркімен шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу. Өзін, бірін-бірі дұрыс, әділ	2

Т. Аманжол

		бағалауға тәрбиелеу. Бейнелеу техникасының барлық түрлері.	
22	«Аяз өрнектері»	Балалардың аязды өрнектерді суретке салу іскерліктерін дамыту. Гуашь + балауыз техникасын меңгеруге көмектесу. Бақылаушылыққа, көргенін шығармашылықта көрсетуге дамыту. Қиялын, бейнелі ойлау, түстерді қабылдау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған табиғаттың сұлулығына сүйіспеншілікпен қарауға, жұмысты орындау кезінде ұқыптылық пен жігерлікке тәрбиелеу.	2
23	«Аққу»	Бейнені алақан арқылы салу мүмкіндігін көрсету. "Принт" (бастырма) техникамен таныстыруды жалғастыру. Қабылдау қабілетін дамыту. Табиғатқа деген қызығушылығын көрсетуге, өз ұсыныстары мен әсерлерін бейнелеу өнері сабағында көрсетуге тәрбиелеу.	2
24	«Көжек»	Балаларға объект бейнесін тән құрылымын, оның ең айқын пайдасын (мөлшері, үлгідегін) жеткізуге мүмкіндік беретін жана тәсілін – көбік жөкемен сурет салу игеруді көмектесу. Балаларды суретке балалаық кезінен таныс ойыншықтың бейнесінің бөліктерінің пішінін, олардың салыстырмалы шамасын, орналасуын, түсін бейнелеп салу іскерліктерін бекіту. Балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау.	2
25	«Күн»	Алақанмен, саусақтармен сурет салу үйретуді жалғастыру, қол моторикасын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларға ұйқыдан оянып тұрған күннің көркем бейнесін түсінуге көмектесу, сөздік қорын жандандыру.	2
26	«Анама сыйлық. Раушангүл»	Ұсынған үлгі бойынша парақ бетінде бастырма басу үйретуді жалғастырып бейнеленген объектінің негізгі белгілерін жеткізу, тікес сызықтарды бейнелеу үйретуді жалғастыру, түс гаммасын ойлап табу үйретуді жалғастыру. Шығармашылық қиялын, ұқыптылықты, сенімділікті,	2

T. Akhmetov

		дербестікті, бастамашылықты, қиялын дамыту.	
27	«Бәйшешек»	Балаларды алақанмен, саусақтармен сурет салуды үйретуді жалғастыру. Алақанды және саусақтарды пайдаланып, гүлдің бейнесін, оның құрылысын және пішінін жеткізіп көрсетуге үйрету. Тіке сызықтарды жүргізуге үйретуді жалғастыру. Түстер туралы білімдерін бекіту (сары, жасыл). Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қол моторикасын дамыту. Табиғатты аялауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2
28	«Көктем»	Бастырмамен сурет салу техникасы (картон, поролон), қатты қылқаламмен түрту тәсілі, қылқаламды паракка жәй батыру тәсілі, мақта оранған таяқшамен сурет салу арқылы балалардың шеберлігін және дағдыларын жетілдіру. Ырғақты, композиция сезімін, қиялын дамыту. Табиғатқа эстетикалық көзқарасқа гүлдер бейнесі арқылы тәрбиелеу, жұмысын орындағанда эстетикалық мәнеріне және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2
29	«Ғарыш»	Балаларды жаңа тәсілмен (шашыранды) таныстыру. Ғалам туралы түсінік беру. Жерді аялауға тәрбиелеу.	2
30	«Торғайлар көк суда шашырап жүр»	Балаларды дымқыл, қатты қылқаламмен «түрту» тәсілмен сурет салуды дағдыландыру, торғайлардың үрпек қауырсандарын парак бетіне електеуге үйрету. Шығармашылық қиялын дамыту. Балалардың назарын, танымдық белсенділігін, бейнелі және логикалық ойлауын дамытуға жәрдемдесу. Қоршаған әлемді танып білуге қызығушылығына тәрбиелеу.	2
31	«Бұтақтағы бүршіктер»	Балаларды дәстүрлі емес сурет салу техникаларды пайдалану іскерліктерін жетілдіру. Балалардың дербестігін, эстетикалық қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Дәстүрлі емес бейнелеуге қызығушылығына және табиғатқа қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу.	2
32	«Көктем пейзажі»	Көктемгі белгілері туралы балалардың білімдерін жүелеу. Табиғаттың өзара байланысын орнатуға үйретуді жалғастыру.	2



Пайданылган әдебиеттер:

Негізгі әдебиет:

1. Акуленок Т.С. Использование в ДОУ приемов нетрадиционного рисования
Дошкольное образование. – 2010. - №18

Қосымша әдебиеттер:

1. Лыкова И.А. Изобразительная деятельность в детском саду. Младшая группа. – М., 2010.
2. Лебедева Е.Н. Использование нетрадиционных техник [Электронный ресурс]:http://www.pedlib.ru/Books/6/0297/6_0297-32.shtml
3. Рисование с детьми дошкольного возраста: нетрадиционные
4. техники, планирование, конспекты занятий / Под ред. Р.Г. Казаковой. – М., 2007.
5. Тимофеева Е.А. Подвижные игры с детьми младшего дошкольного возраста: пособие для воспитателя / Е.А. Тимофеева. – М.: Просвещение, 1986. – 67 с.
6. Шклярова О.В. Рисуйте в нетрадиционной форме // Дошкольное воспитание. – 1995. - №1
7. Юркова Н. Рисование мыльной пеной, крашенными опилками, на самоклеющейся пленке // Обруч. – 1999. - №2
8. Янушко Е.А. Рисование с детьми раннего возраста. – М., 2010
9. Белкина В.Н. и др. Дошкольник: обучение и развитие. – Ярославль, 1998
10. Колдина Д.Н. Игровые занятия с детьми 2 – 3 лет. – М., 2010